

## **Қазақстан Республикасында 1999 жылы Халық санағын жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 3 сәуір 1995 ж. N 389

Бүкіл ел бойынша да, оның жекелеген аймақтары бойынша да халық туралы аса маңызды мәліметтер, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамудың келешегін анықтау үшін қажет басқа да деректер алу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында кезекті Халық санағы 1999 жылғы қаңтарда жүргізілсін.
2. 1999 жылғы Халық санағына әзірлік жасау, оны өткізу, өңдеу нәтижесін талдап қорыту мен жариялау Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне және оның аймақтық органдарына жүктелсін.
3. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстанда 1999 жылы Халық санағын жүргізуге жәрдемдесетін Республикалық комиссия құру туралы ұсыныс енгізсін.
4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің өтінімдері бойынша 1995-2001 жылдары республика бюджетінде Халық санағына әзірлік жасауды, оның өткізуді, өңдеуді, нәтижесін талдап қорыту мен жариялауды қаржыландыруға, сондай-ақ Халық санағын жүргізудің әдіснамасын жасау саласындағы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға және техникалық құралдар мен оның материалдарын өңдеу технологиясын сатып алуға арналған қаражаттың нысаналы бөлінуін көздесін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары